

**«Бірлік орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің
2021-2022 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың атқарылған
жұмыстардың талдау**

Е С Е Б І

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңның 5-бабының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы шілде айының 5-нен басталып, 30-на дейін жалғасын табатын жалпыға міндетті оқу айлығы мен «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясын өткізу туралы» №78-ө н/қ және Балқаш ауданы әкімінің 2019 жылғы 09 шілдедегі №42-ө н/қ бұйрығын орындау мақсатына сәйкес балаларды есепке алу ретке келтіріліп орындалды. 09.08.19ж. «Мектепке жол» акциясына ауыл әкімімен, ауыл учаскелік полиция қызметкерлерімен, ата-аналар комитетімен бірге әр түрлі себептермен қараусыз, қадағалаусыз, жағдайы жоқ отбасыларының балаларына көмек көрсету мақсатында жиналыс болып, жағдайы төмен, көпбалалы отбасынан 29 оқушыға, «Бірлік» АФ демеушілігімен көмек көрсетілетін болып шешілді. Олардың киім өлшемдері берілді.

1 тамыз күні «Жалпыға бірдей міндетті білім қоры» есебінен 10 оқушының тізімі беріліп, мектеп формасымен және аяқ киім алып берілетін болды.

15-тамыз күні тұл жетім оқушы Д.Таңсықбайқызына ауыл кәсіпкері Г.Досмағанбетова (жүз мың теңге 100 000) теңгеге мектеп формасымен, мектепке қажетті құрал-жабдықтармен және спорттық киімдерін алып берді.

16-тамыз күні «Бірлік» АФ демеушілігімен жетім, жартылай жетім, әлеуметтік отбасы төмен және көп балалы отбасынан жалпы соммасы 580 000 теңгеге 29 оқушы мектеп формасы, аяқ-киіммен қамтамасыз етілді.

Акция ары қарай жалғасын тауып, төмендегі ауыл кәсіпкерлерінен мектеп оқушыларына 19-тамыз күні 10 оқушының жартылай жетім, әлеуметтік отбасы төмен және көп балалы отбасынан тізім берілді. Осы тізімдегі оқушыларға мектеп формалары, мектепке өажетті оқу-құралдары, спорттық киімдер таратылды.

Тұл жетім 1 оқушы, жартылай жетім 17 оқушы, аз қамтылған оқушы 13, көп балалы отбасынан 109 оқушы, ораман оқушы саны 60 болды 1-11 сынып оқушылар саны 339, МАД - қа 36, оның ішінде үйден оқытылатын 3 оқушы бар. Олар: Самғатұлы Жарқын бә сынып Әділханов Сайран 7а сынып, Ермекұлы Наурызбай ба сынып. Бұл оқушылар денсаулығына байланысты облыстық психолого-медико- педагогикалық консультациясының анықтамасы бойынша жеңілдетілген бағдарламамен үйден оқытылды.

Балалар мен жасөспірімді дұрыс тамақтандыру - олардың денсаулығын нығайтып, дене және ой қабілетінің дамуына мүмкіндік

береді, еңбек ету мен сабаққа үлгеру қабілетін арттырады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі №198 бұйрығына сәйкес «Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтануды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес Бірлік орта мектебінде осы айтылған дәйектерді басшылыққа ала отырып, 2019-2020 оқу жылының басында оқушыларға сапалы теңгерімді ыстық тамақпен қамту ұйымдастырылды. Жалпыға бірдей міндетті білім қорынан мектептегі жағдайы төмен, көпбалалы отбасынан шыққан және жетім, жартылай жетім оқушылар қамтылды. Аз қамтылған отбасы саны - 13, ондағы жалпы мектеп жасындағы балалар саны – 13 Ыстық тамақпен қамтылған жартылай жетім балалар саны - 17. Қамқорлыққа алынған бала саны- 2. Қыркүйек айында – 45 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. Ыстық тамақ есебі ай сайын АББ-не өткізіліп тұрды. Мектеп басшысының 07.09.2019 жылғы №100 бұйрығы негізінде құрылған құрамында 7 мүшесі бар тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия мектеп асханасында балалардың ыстық тамақпен қамтылуын апта сайын қадағалап тексеруде.

Тексеру барысында біріншіден асхананың санитарлық жағдайы, екіншіден тамақтану кезінде оқушылардың санитарлық –гигиеналық тазалық талаптарының сақталуы, ас мәзірінің дұрыс әзірленуі, сақталуы, ас әзірлейтін азық-түліктің, дайындап әзірленген астың сапасы, үшіншіден асхана жұмысшыларының тазалығының, денсаулығының санитарлық талаптарға сай екендігі тексеріліп, анықталды. Комиссия мүшелері тексеру нәтижелерін арнайы журналға жазып, қолдарын қойып мөрмен бекітеді. Тексеру барысында ата-аналар комитетінің мүшелері де қатысып отырады. Сонымен қатар қыркүйек айының басында медбикелер тарапынан мектепте білім алушылар арасынан «Д» тобында есепте тұрған балалар тізімі анықталып, олар оқу жылы бойы сабаққа түрлі себептермен келе алмай қалған білім алушылардың орнын алмастырып отыратынын, сабаққа келмей қалған білім алушылар сынып жетекшілерінің көмегімен күн сайын алғашқы сабақтарда анықталып, оларды «Д» тобындағы білім алушылармен алмастыру жұмысы өз тарапынан жүргізіліп, мектеп медбикелері тарапынан қадағаланып отырады.

№ Мазмұны


- Биылғы жылғы ыстық тамаққа жұмсалған теңге – 1,312,200теңге
1. Мектеп бойынша жалпы бала саны - 339
 2. Мектеп бойынша ыстық тамақпен тамақтанатын оқушылардың жалпы саны- 45
 - 3.Тегін тамақтанатын оқушылар саны 15
 4. Жалпы бастауыш сынып оқушылары -147
 5. Жағдайы төмен отбасынан шыққан бастауыш сынып оқушылары 13
 6. Жалпы 5-11 сынып оқушылары -202

7. Жағдайы төмен отбасынан шыққан 5-11 сынып оқушылары - 15

Мектеп бойынша ыстық тамақпен оқушылар саны асхана өнімімен қамтылған. Мектеп асханасы ыдыспен, қажетті құрылғылармен жабдықталған. Мектепте сонымен қатар оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуге байланысты құжаттар: мектеп әкімшілігінің асханада кезекшілік ету кестесі, тамақтануды ұйымдастыру жоспары, мектепте ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру туралы бұйрық пен бракеражды комиссия құрамы бекітілген. Мектеп директоры бекіткен тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылар тізімі, СЭҚ бекіткен ас мәзірі және бракеражды комиссия журналы бар. Оқушыларға асханада қайнатылған су қойылып, қол жууға жағдай жасалған. Мектеп медбикесі оқушылардың денсаулық жағдайы мен дұрыс тамақтануын қадағалап отырды.

12.12.2019ж. күні ауданға мектеп асханасы жайында хабарлама жіберілді. Хабарламада тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы жіберген хабарламаны қолға ала отырып, өткізілетін жаңа жылдық мереке шараларын ұйымдастыру кезінде жіті ішек жұқпалары мен тағамнан уланудың алдын – алу және санитарлық – эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету мақсатында үйде дайындалған тағам өнімдерінің барлық түрлерін таратуға жол бермеу қарастырылды.

Медбике Ә.Елеубаева және әлеуметтік педагог Д.Қайырғали тексеру барысында біріншіден асхананың санитарлық жағдайы, екіншіден тамақтану кезінде оқушылардың санитарлық –гигиеналық тазалық талаптарының сақталуы, ас мәзірінің дұрыс әзірленуі, сақталуы, ас әзірлейтін азық-түліктің, дайындап әзірленген астың сапасы оның ішінде газдалған суды, тәтті алкогольсіз энергиялық (сергітетін) сонымен қатар шыны шөлмектерге құйылған сусындарды, чипсілер дайындауға және өткізуге жол бермеу қолға алынды, Мектеп асханасының арендаторы Касенова Рагина және асхана жұмысшыларының тазалығының, денсаулығының санитарлық талаптарға сай екендігі тексеріліп, анықталды.

Әлеуметтік педагог  Қайырғали Д